

## Мемлекеттік акциялар пакетін сатудан алынған қаражатты уақытша пайдалану тәртібі туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 31 қаңтар N 107. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.25. N 507 қаулысымен.

Мемлекеттік акциялар пакетін сатудан түсken қаражатты тиімді пайдалану, инвестициялық саясатты белсенді жүргізу және жекешелендіру процестеріне байланысты әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін сатудан алынған ақша қаражаттары сауда жасау бойынша шығыстарды жапқаннан кейін, 2-тармақта көрсетілгендерді қоспағанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің шотына толық көлемінде есептеледі және сауда жасағаннан кейін тікелей мынадай бағыттарға бөлінеді:

40 процент мөлшерінде қаражат жалпыұлттық әлеуметтік және өзге де міндеттерді шешу үшін мемлекеттік бюджетке беріледі;

30 процент мөлшердегі қаражат жекешелендірілген акционерлік қоғам қызметкерлерінің босағандарына біржолғы жәрдемақы төлеу үшін, сондай-ақ жекешелендірілген кәсіпорындардың балансынан алынған әлеуметтік сфералардың объектілерін қолдау және аймақтың басқа да әлеуметтік міндеттерін шешу үшін жергілікті бюджетке беріледі.

2. Сатудан түсken қаражаттың 30 проценті даму, қайта жаңарту бағдарламаларын және жана технологиялар енгізуді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ өзге де мақсаттар үшін акциялар пакеті сатылған акционерлік қоғамның шотына тікелей аударылады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай ішінде Мемлекеттік акциялар пакетін сатудан түсken ақша қаражатын пайдалану тәртібінің Уақытша ережесін бекітсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК